

FTAMP 16.21.47

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025200414>**Н.М. Уәли** , **Ә.Б. Сейтбатқал*** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: arlen_98@mail.ru

ЖЕТІСУ ХОРОНИМІНІҢ ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада Жетісу хоронимі табиғи-географиялық, тарихи-лингвистикалық, саяси-әкімшілік тұрғыдан қарастырылады. Топонимикадағы хороним терминінің білдіретін ұғымына сәйкес Жетісу жерінің хоронимдік ерекшеліктері ашылады. Қазақ топонимикасындағы хоронимдерді сипаттайтын терминдер жинақталып, топтастырылып, мағынасы талданып, ерекшеліктері көрсетіледі. Тарихи-географиялық, мәдени-экономикалық, саяси әдебиеттерде жер-су атаулары, оның ішінде, хоронимдер жиі кездеседі. Осы тәрізді мәтіндерде хоронимдермен тіркесіп қолданылатын *аймақ, өлке, өңір, атырап, алқап, алап, аумақ, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ* тәрізді атаулардың мән-мағынасы мен қолданысы талданып, Жетісу жерінің географиялық, тарихи-этникалық, саяси-әкімшілік қырларымен байланысты ашылады.

Атап айтқанда, хороним терминдік ұғымы *аймақ, өлке, өңір, атырап, алқап, алап, аумақ, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ* тәрізді атаулардың басын біріктіріп, бір-бірімен тығыз байланысты жүйеде қарастырады. Зерттеуде Жетісу хоронимін құрайтын түрлі атаулардың ерекшеліктері диахрондық және синхрондық түрде сипатталып, Жетісу жерінің ерекшеліктерімен сабақтастықта қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Алайда, зерттеудің бұл айтылған өзектілігі географиялық кеңістікті категориялауға (аудандастыруға) қатысты әртүрлі тарихи, этномәдени дереккөздерде терминдік нақтылық болмағандықтан бұл жайтты қарастырып жүйелеу зерттеудің маңызын арттырады. Зерттеу нәтижесінде аталған терминдердің семантикалық әлеуеті мен Жетісу хоронимінің мазмұн межесі айқындалып өзара сәйкестігі және *Жетісу өлкесі, Жетісу өңірі, Жетісу аймағы, Жетісу облысы, Жетісу атырабы, Жетісу алқабы* тәрізді тіркесті атаулардың қолданыс ерекшеліктері көрсетіледі.

Сондай-ақ, мақалада Жетісу жерінің табиғи және әкімшілік аймақ болуына байланысты терминдік ұғымдармен аталу ерекшеліктері талданады. Атап айтқанда, табиғи-ландшафттық аумақ ретінде Жетісу атауы *жер, жазық, дала, аумақ, аудан, алқап, алап, атырап, өңір* сөздерімен тіркессе, кратоним ретінде *өлке, аймақ, уәлаят, облыс, округ, ұлыс, орда, жүз* сөздерімен байланысады. Әкімшілік сипаттағы терминдердің ішінде Жетісу жерінің этникалық қырымен байланысатын *аймақ, ұлыс, орда, жүз* терминдерінің тарихи мағыналары мен қолданысына талдау жасалады. Сондай-ақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі *регион, территория, край, area, region, territory* терминдері де жоғарыдағы үлгіге сай топтастырылып, қарастырылады.

Түйін сөздер: хороним, кратоним, Жетісу, тарихи-географиялық аумақ, саяси-әкімшілік аймақ, тарихи-этникалық аймақ.

N.M. Uali, A.B. Seitbatkal*

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: arlen_98@mail.ru

Natural-geographical, Political-Administrative and Historical-Linguistic Bases of Zhetysu Choronym

The article examines the choronym *Zhetysu* from natural-geographical, historical-linguistic, and political-administrative perspectives. Based on the conceptual definition of *choronym* in toponymy, the authors identify and systematise the choronymic features associated with *Zhetysu*. In Kazakh toponymy, a wide range of terms used to describe territorial units such as *Aimak, Öлке, Öңір, Atyrap, Alkap, Alap, Aumaq, Audan, Jer, Jazyk, Dala, Ulys, Orda, Zhüz, Ualay, Oblys* and *Okrug* are summarised, grouped, and analysed in relation to their semantic characteristics and functional roles.

The study highlights that in historical-geographical, cultural-economic, and political literature, these terms frequently accompany choronyms and reflect diverse geographical, ethnic, and administrative

aspects of Zhetysu. The concept of *choronym* unites these terms into an interconnected system, and one of the key tasks of the research is to examine their diachronic evolution and synchronic usage within the context of Zhetysu's unique regional characteristics.

Due to inconsistencies and lack of terminological clarity in historical and ethnocultural sources, the need for such analysis is emphasized. The research determines the semantic potential of the terms and clarifies the internal content of the Zhetysu choronym, illustrating the usage of combinations such as *Zhetysu ölkesi*, *Zhetysu öñiri*, *Zhetysu aumağı*, *Zhetysu oblysy*, *Zhetysu atyraby*, and *Zhetysu alkaby*.

The article also differentiates the terminological naming of Zhetysu as both a natural-landscape area and an administrative region. Terms such as *Jer*, *Jazyk*, *Dala*, *Aumaq*, *Audan*, *Alkap*, *Alap*, *Atyrap*, and *Öñir* are linked with natural-geographic meanings, while *Ölke*, *Aimak*, *Ualay*, *Oblys*, *Okrug*, *Ulys*, *Orda* and *Zhüz* reflect administrative or ethno-political dimensions. Special attention is given to historically loaded terms like *Aimak*, *Ulys*, *Orda*, and *Zhüz*, which are tied to the ethnic history of Zhetysu. In addition, Russian and English equivalents *Region*, *Territory*, *Krai*, *Area*, etc. are compared and classified following the same analytic model.

Keywords: choronym, kratonym, Zhetysu, historical-geographical territory, political-administrative region, historical-ethnic region.

Н.М. Уәли, А.Б. Сейтбатқал*

Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

*e-mail: arlen_98@mail.ru

Природно-географические, политико-административные и историко-лингвистические основы хоронима Жетысу

В статье рассматривается хороним Жетысу с естественно-географической, историко-лингвистической, политико-административной точек зрения. В соответствии с выраженным понятием термина хороним в топонимии раскрываются хоронимические особенности Жетысу. В казахской топонимии обобщены, сгруппированы, проанализированы значения и указаны особенности терминов, характеризующих хоронимы. В историко-географической, культурно-экономической, политической литературе часто встречаются топонимы, в том числе и хоронимы. В этих текстах анализируется значение и употребление таких названий, как *аймак*, *өлке*, *өңір*, *атырап*, *алқап*, *алап*, *аумақ*, *аудан*, *жер*, *жазық*, *дала*, *ұлыс*, *орда*, *жүз*, *уәлаят*, *облыс*, *округ* которые используются в сочетании с хоронимами и связаны с географическими, историко-этническими, политико-административными аспектами Жетысу.

В частности, понятие хоронима объединяет такие названия, как *аймак*, *өлке*, *өңір*, *атырап*, *алқап*, *алап*, *аумақ*, *аудан*, *жер*, *жазық*, *дала*, *ұлыс*, *орда*, *жүз*, *уәлаят*, *облыс*, *округ* и рассматривает их в тесно взаимосвязанной системе. В исследовании одной из актуальных проблем является рассмотрение особенностей различных наименований, составляющих хороним Жетысу, в диахроническом и синхроническом виде, в преемственности с особенностями Жетысу. Однако актуальность исследования становится насущной в связи с отсутствием терминологической достоверности в различных исторических, этнокультурных источниках, касающихся категоризации географического пространства. В результате исследования определен семантический потенциал данных терминов и контентная емкость хоронима Жетысу, отражены особенности употребления таких словосочетаний, как *Жетісу өлкесі*, *Жетісу өңірі*, *Жетісу аймағы*, *Жетісу облысы*, *Жетісу атырабы*, *Жетісу алқабы*.

В статье анализируются особенности наименования Жетысу терминологическими понятиями в связи с тем, что он является природно-административным регионом. В частности, как природно-ландшафтная территория название Жетысу сочетается со словами *жер*, *жазық*, *дала*, *аумақ*, *аудан*, *алқап*, *алап*, *атырап*, *өңір*, как кратоним со словами *өлке*, *аймақ*, *уәлаят*, *облыс*, *округ*, *ұлыс*, *орда*, *жүз*. Среди терминов административного характера анализируются исторические значения и употребление терминов *аймақ*, *ұлыс*, *орда*, *жүз*, которые связаны с этническим аспектом Жетысу. Термины *регион*, *территория*, *край*, *area*, *region*, *territory* в русском и в английском языках также группируются и анализируются по вышеуказанной модели.

Ключевые слова: хороним, кратоним, Жетысу, историко-географическая территория, политико-административный регион, историко-этнический регион.

Кіріспе

Топонимдердің географиялық нысанына қарай *гидроним, ороним, ойконим, хороним* және т.б. түрлерге бөлінетіні белгілі. Жетісу атауын негізінен өзінің табиғи, тарихи, этномәдени топонимдік ерекшеліктеріне байланысты ауқымды терминдік ұғымда *хороним* деп алдық. Аймақтық топонимикалық зерттеулердің ішінде *хороним* терминін алғаш болып назарға алып, ономастикалық зерттеулер айналымына енгізіп отырмыз. Топонимика ғылымында негізінен табиғи немесе әкімшілік аумақ атаулары *хороним* деп аталады. Ол өз ішінде *географиялық* және *әкімшілік* болып екіге сараланады. Табиғи-географиялық аумақтың (хоронимнің) әкімшілік сипат алуы *кратоним* деп аталады. БҰҰ-ның географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобының ақпараттық басылымында «алқап», «аймақ» мағынасындағы *хороним* (choronym) термині кең қолданысқа ие (UNGEGN, 2015: 33). Сонымен қатар, қазіргі зерттеулерде хоронимдер функционалды және құрылымдық деп те жіктеледі. Функционалды бөлігіне аймақтың әкімшілік ерекшеліктері жатқызылса, құрылымдық жағына аймақтың мәдени қыры мен сипаттары жатады. Ал мәдени (этномәдени) аймақтың ішіне тарихи сана, тіл, дін, этностар кіреді (Bartos-Elekes, 2019: 26). Бұндағы аталған функционалды жағы Жетісудың әкімшілік сипатымен, ал құрылымдық жағы тарихи-этникалық өзгешелігімен байланысты болып келеді. Жетісу өңірі өзінің тарихи-табиғи ерекшеліктеріне қарай географиялық та, әкімшілік те сипатқа ие. Өйткені ежелгі дәуірлерден бері географиялық хороним болып келген Жетісу уақыт өте келе тарихи, этникалық, экономикалық, мәдени, саяси, әкімшілік т.б. кратонимдік сипаттарға ие бола түседі. Дәлірек айтқанда, б.з.д. VIII-III ғғ. сақтар, б.з.д. III-б.з. V ғ. үйсіндердің ру-тайпа, тайпалық одақтарының Жетісу жеріне қоныстануымен әкімшілік аймаққа айнала бастайды. Осы дәуірлерден бастап, әуелгіде табиғи-географиялық ұғымдағы Жетісу жері ендігі тұста саяси-әкімшілік орталыққа айналып, тарихи сипат үстемеленген кратоним ретінде қалыптасады.

Назарға ұсынып отырған бұл зерттеуімізде Жетісу аймағының осы аталған мазмұнына қатысты қырлары ашылып, әрбір тарихи кезеңдегі өзіндік даму ерекшеліктері көрсетіледі. Осы айтылғандармен байланысты Жетісу хоронимінің

ерекшеліктеріне сәйкес *аймақ, өлке, өңір, алқап, алап, аумақ, атырап, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ, регион, территория, край, area, region, territory* сияқты атаулар табиғи хороним және кратоним деген екі үлкен категориялық топқа сараланады. Сөйтіп, бұл аталған терминдердің мазмұнына талдау жасалып, олар географиялық және тарихи-әкімшілік тұрғыдан топтастырылады.

Материалдар және әдістер

Мақалаға Жетісу жерінде қола дәуірінде өмір сүрген халықтар мен ертедегі темір дәуірі мен ертедегі және дамыған ортағасырда билік еткен мемлекеттердің және Қазақ хандығы, Жоңғар хандығының материалдары негіз болды. Атап айтқанда, ертедегі темір дәуірінде Жетісу жерін мекендеген сақ (б.з.д. VIII-б.з.д. III ғ.), үйсін (б.з.д. VIII – б.з. V ғ.) тайпалары құрған мемлекеттер мен ертедегі орта ғасырлық Батыс Түрік қағанаты (V-VIII ғғ.), қарлұқтар (VIII-IX ғғ.) және дамыған ортағасырдағы Қарахан мемлекеті (IX-XIII ғғ.) мен Қарақытайлар (XII-XIII ғ.), Моңғол империясы (XIII ғ.) мен Шағатай (XIII-XIV ғғ.), Моғолстан (XIV-XV ғғ.) ұлысының тарихы, жер аумағы, этникалық құрамы мен шаруашылығы арқау болды. Жетісу жерінде Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы (XV-XVI ғғ.), Жетісудағы жоңғарлардың үстемдігі (XVII-XVIII ғғ.), Жетісу жерінің Ресейге қосылуы (XIX ғ.), Кеңес Одағының құрылуы (XX ғ.) және Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы деректер (XXI ғ.) негізге алынды.

Мақалада Жетісу хоронимін анықтап, оның табиғи, тарихи, әкімшілік және т.б. мәнін ашатын *аймақ, өлке, өңір, алқап, алап, аумақ, атырап, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ, регион, территория, край, area, region, territory* терминдеріне лингвистикалық талдау жасау барысында тарихи-салыстырмалы, классификациялау, сипаттамалы-талдау әдістері қолданылды. Хоронимдер терминологиясына жататын *аймақ, өлке, өңір, алқап, алап, аумақ, атырап, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ, регион, территория, край, area, region, territory* атаулары түсіндірме, моңғол-қазақ, орыс-қазақ екі тілді, терминдік, тарихи сөздіктер мен энциклопедиялардан жинақталып, салыстыру барысында бұл атаулар табиғи-географиялық және кратонимдік деген екі категориялық топқа бөлінді.

Әдебиеттерге шолу

Жетісу өңірі Қазақстан Республикасының оңтүстік шығысын, Қырғызстан Республикасының солтүстігін және ҚХР солтүстік шығыс бөлігін алып жатқан тарихи-географиялық өзгешеліктерге ие аймақ. Өңірдің өзіндік тілдік, географиялық, тарихи, этникалық, экономикалық ерекшеліктері бар. Сондықтан өлкенің әр қыры жеке-жеке зерттеу нысаны болып, зерттеліп келеді. Жетісу өңірінің жер-су атаулары бойынша 1967 жылы Е.Қойшыбаев «Жетісу топонимдерінің негізгі түрлері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда Жетісу жеріндегі сан есімдерден жасалған және түртүс атауларымен келетін топонимдерге, жер-су атауларының құрамындағы формаларға талдау жасалған. Сондай-ақ, өңір топонимдерінде жиі кездесетін негізгі элементтер қамтылған. Олар, салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде, тұңғысманжұр, моңғол тілдерімен салыстырылып, ортақтықтар анықталған (Койчубаев, 1966).

Профессор Т. Жанұзақтың 2005 жылы жарық көрген «Қазақстан географиялық атаулары, Алматы облысы» еңбегінде мынанан аса жер-су атауларының тізімі берілген (Жанұзақ, 2005). Сөздікте қазіргі Алматы мен Жетісу облыстары аумағындағы топонимдер қамтылған. Өлкедегі оронимдер, гидронимдер, ойконимдер, антропотопонимдер, этнотопонимдер, зоотопонимдер, фитотопонимдер тәрізді жер-су атауларының түсіндірмелері талданған. Ғалым өз еңбегінде бұрынғы Алматы облысы бойынша аталған топоним түрлерінің толық жиналып, толықтай ғылыми жүйеге түспегеніне назар аударады. Өзен-сулы, биік таулы Жетісу жерінің тау атауларын, өзен-су атауларын, қоныс атауларын және т.б. әлі де болса жинақтап түгендеудің, ғылыми мәні зор деп түйеді.

Қазақ ономастика ғылымында 1970 жылдардан бастап аймақтық топонимиялық зерттеулер қарқынды дами түсті. Орталық Қазақстан территориясының жер-су атауларын зерттеген А.Жартыбаев *аймақтық топонимика* терминіне тоқталып, жан-жақты сипаттайды (Жартыбаев, 2009, 11). Ғалымның айтуынша, аймақтық топонимияны анықтауда экономикалық, территориялық, әлеуметтік тарихи жақтарын ғана емес, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистикалық, диалектілік және т.б. ерекшеліктері есепке алынуы керек. Ғалым топонимиялық аймақ шегарасы – экономикалық немесе әкімшілік-территориялық аймақтың шегарасымен сәйкес келе

бермеуі мүмкін екеніне назар аударады. Алайда топонимиялық аймақ ерекшелігі мен шегарасын анықтауда тарихи, экономикалық, мәдени-тілдік және т.б. ерекшеліктердің ескерілетінін айтады.

Ал Жетісу жерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты 2001 жылы қорғалған М.Қ. Есімболованың «Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясының кіріспе бөлімінде Жетісу жерінің географиялық ерекшеліктері мен зерттелу тарихына қысқаша тоқталған. Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктерінің қалыптасуына өңірді мекен еткен халықтардың кәсібі мен тұрмыс салты, жер бедері, басқа халықтармен қарым-қатынасы сияқты факторлардың әсер еткеніне назар аударған. Зерттеуде Жетісу жерінің тілдік ерекшеліктерін он сегіз лексика-семантикалық топқа бөліп қарастырады. Соның ішінде, Жетісу аймағының жер бедеріне, өсімдіктер әлемі мен жер-су атауларына қатысты тақырыптық топтары өзара байланысып, бірін-бірі толықтыра түседі (Есімболова: 2001).

Нәтижелер мен талқылау

Жетісу хоронимінің табиғи-географиялық жағы. Жетісу жері – оңтүстік-шығыста Жетісу Алатауымен, оңтүстікте Тянь-Шань тауының батыс, орталық, солтүстік бөліктерімен, солтүстікте Балқаш көлімен, солтүстік-шығыста Сасықкөл мен Алакөл көлдерін қамтитын Орта Азиядағы үлкен тарихи-географиялық аймақ. Бұл аймақ өзінің табиғи-ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты ең алдымен географиялық аумақ (хороним) болып есептеледі. Тарихи, географиялық әдебиеттерде Жетісудың шегарасын көрсетуде бірізділік кездеспейді. Ак. В.В. Бартольд аймақ шегарасын диахрониялық дамуын сөз ете келе, байырғы халықтың *Жетісу* деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атағанынан дерек келтіреді. Ал Жетісуға Іледен оңтүстікке қарай созылған таулы аймақты да қосу XIX ғ. тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шанның солтүстік батысы және орталық аудандары да қосылатын болған. Тарихи әдебиеттерде, *Жетісу* ұғымына Шу алқабы мен Нарын өзенінің жоғарғы ағысын қамтитын атырап та жатқызылады (ҚҰЭ, 2001: 678). Аймақтың басым бөлігі Қазақстан жерінің Алматы, Жетісу облыстарын толықтай, Жамбыл облысының шығыс бөлігі мен Абай облысы аумағының оңтүстігі орналасқан. Сондай-ақ, Іле өзенінің жоғары ағысындағы Іле қазақ автономиялы округінің орталық және оң-

түстік бөліктері, Боротала Моңғол автономиялы округінің жерлері мен Қырғыз жерінің солтүстігі кіреді. Сонымен, Жетісу өлкесінің территориясына Қазақстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінің бөліктері жататыны айқындалады.

Жетісудың физика-географиялық кең территориясы (солтүстіктен оңтүстікке дейін 900 км, ал батыстан шығысқа дейін 800 км) және таулардың биіктігі әртүрлі болып келуі оның климаты мен ландшафтарының да түрліше болуына ықпал етеді» (ҚҰЭ, 2001: 678). Жетісу аумағы *жазық, тау алды және таулы* деп аталатын үш климаттық белдеуден тұрады. Әр белдеу түсетін жауын-шашын мөлшеріне, температурасына және т.б. табиғи жағдайларына байланысты өзгешеліктерге ие. Соған сәйкес өсетін өсімдіктері мен мекендейтін жануарлар дүниесі де әртүрлі болып келеді.

Жазық белдеу – Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Іле ойысына дейінгі жерлерді алып жатыр. Бұл белдеудің климаты тым континентті, қысы суық, ал жазы аңызак ыстық. Шөлді, жазық аудандардың қысқы температурасы тауалдына қарағанда едәуір төмен.

Ал тауалды климаттық белдеуінде климаттың континенттігі азайып, жауын шашын көбейеді. Бұл белдеу 1200 метрге дейінгі биіктікті қамтиды. Өлкенің тау алды бөлігі шөл мен таулы аймақтың аралығын қамтығандықтан, шөлді аймаққа қарағанда ылғалды, жауын-шашынды, салқындау болса, таулы аймақпен салыстырғанда жылы болып келеді. Сондай-ақ, тауалды белдемінде жауын-шашын молырақ түсуі эфемерлі өсімдіктердің шүйгін өсуіне өте қолайлы. Салыстырмалы түрде тауалды климаттық белдеуінің климаты жұмсақ, жауын-шашыны мол болып келеді.

Таулы климаттық белдеу 1500 метрден жоғары орта және биік тауларды қамтиды. Таулы климат өңірдің оңтүстігін, оңтүстік-шығысын, шығыс бөлігін алып жатыр. Бұл белдеудің климатының қаталдығын Жетісу Алатауы мен Іле Алатауындағы мәңгі қарлар мен мұздықтардан байқауға болады. Өңірдегі ірілі-ұсақты өзендердің су қоры осы қар суы мен мұздықтардан бастау алып, арнасы кеңейе түседі. Жетісу Алатауында 1369 мұздық, Іле Алатауында 393 мұздық бар (Жетісу, 2004: 27).

Жетісу хоронимінің құрамында су сөзінің кездесуі аймақтың өзен-сулы өлке болуымен тікелей байланысты. Байырғы халықтық географиялық танымда су атауы H_2O емес, «өзен» мағынасын қолданылған: *Ақсу, Көксу, Жетісу,*

Іле суы. Жетісу өлкесінің басым бөлігін Балқаш көлінің алабына кіретін өзендер құрайды. Ертеректе Алакөл, Балқаш көлдері біртұтас «Көкшетеніз» алабын құраған (Койчубаев, 1966: 25). Бұл аталған екі көлдің шығу тегі бір саналады. Жетісу аймағының солтүстігі мен солтүстік-шығысын алып жатқан Балқаш, Алакөл көлдері тау суы мен жер-асты суларынан толады. Сондай-ақ, аталған екі көлдің гидрологиялық т.б. көптеген табиғи ұқсастықтары да бар. Дегенмен орналасуына байланысты өзіндік ерекшеліктері де кездеседі (Республика Казахстан, 2006: 278).

Ғалымдар *Жетісу* атауының құрамындағы *жеті* санын Балқаш көліне құятын өзендер санымен байланыстырады. Алайда Жетісудағы жеті өзенді санамалауда ғалымдардың пікірі әртүрлі. Мәселен, А.К. Гейнс *Ақсу, Көксу, Лепсі, Қаратал, Басқан, Сарқан, Бүйен* өзендерін жатқызса, А. Влангали *Басқан, Сарқан* өзендерінің орнына солтүстік шығыстағы *Аягөз*, оңтүстік шығыстағы *Іле* өзендерін кіргізеді. В.В. Бартольд *Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу* өзендері атайды (ҚҰЭ, 2001: 678). Жетісудағы жеті өзеннің атауы халық ақыны Әшім Тұрлыбаевтың өлеңінде кездеседі. Ақын өлеңінде халықтық білімге сәйкес Жетісуға *Аягөз, Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле, Шу, Талас* өзендерін жатқызылады (Базарқұлов, 1971).

Біздіңше, Жетісу нақты жеті өзен емес, шартты атау ретінде қойылған. Бұл өңір өзенсулы әрі жеті саны киелі болғандықтан Жетісу деп аталған. Топонимдер құрамында кездесетін *жеті* тақ саны – бірегей, бөлінбейтін тұтас бір аймақ дегенді білдіреді. Сондай-ақ, қазақ жер-су аттары құрамында жұп сандардың кездесуі сирек (тек *Екібастұз* сынды атаулар құрамында бірлі-жарым атауларда). Бұл да жоғарыда айтылған, тақ сандардың «бөлінбейтін тұтас» мәнімен байланысты. Қырғызстанның Қаракөл қаласынан батысқа қарай *Жетіөгуз (Жетіогыз)* оронимі кездеседі. Қазақстанның өзге аймақтарында да *жеті* санымен келетін топонимдер ұшырасады. Мысалы, *Жетіқара (Қостанай обл.), Жетітөбе, Жетімола (Жамбыл обл.), Жетісай (Түркістан обл.)* және т.б.

Жетісу өңірінің жоғарыда аталған географиялық ерекшеліктерін сөз еткенде *жер, жазық, алқап, алап, дала, аумақ, аудан, атырап* сөздерімен тіркесуі терминдік нақтылықты қалыптастырады. Аталған терминдердің әртүрлі сөздіктердегі мағынасы география ғылымына қатысты екенін көрсетеді. Бұл терминдер Жеті-

су өңірін тұтастай немесе оның бөліктерін атауды қолданылады.

Жетісу жері. Жер – белгілі бір мемлекетке, аймаққа, облысқа, ауданға қарасты аумақ. *Жетісу жері* деген тіркес Жетісудың тұтастай аумағын білдіреді. Сондай-ақ, *жер* сөзі орыс тіліндегі *земля, территория* сөздерінің баламасы ретінде қолданылады. Қазақ тілінің Ұлттық корпусының Ономастикалық ішкорпусының базасында *Жетісу жері* тіркесі 28 рет ұшырасады (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісу даласы. Дала – шөптесін өсімдіктер мол өскен, ормансыз жазық жердегі өлке. Қазақ жерінің көп бөлігін жазық құрағандықтан *дала* сөзі күллі қазақ жерімен ассоцияланатын белгілі. Географиялық деректерге қарағанда, қазақ жерінің 10%-ы биік таулы өңірлер, қалған бөлігі ойпат, жазық, үстірт, қырат жерлер болып келеді. *Жетісу даласы* қолданысы Жетісу хоронимінің шөптесін, ормансыз жазық жерлерін сипаттауда қолданылғаны жөн саналады. Екіншіден, орыс тіліндегі *степь, поле* сөздері қазақ мәтіндерінде *дала* сөзімен беріледі. Мысалы, *Дала өлкесі – степной край, Жабайы дала – дикое поле. Ұлы Дала – Великая степь.*

Жетісудың жазығы. Жазық – кең алқапты, ой-қыры жоқ, тегіс немесе белесті аймақ. Географиялық, тарихи және т.б. әдебиеттерде *Жетісу жазығы* тіркесі өңірдің тегіс атырабын сипаттағанда қолданылады. Сөздіктерде орыс тіліндегі *равнина* сөзінің аудармасы *жазық* деп берілген.

Жетісу аумағы. Аумақ атауы «атырап», «аймақ», «алқап» мағыналарында қолданылатын, кеңістіктің алып жатқан ауқымын, көлемін білдіретін термин. *Жетісу аумағы* тіркесі өңірдің алып жатқан жер ауқымына байланысты қолданылады. Орыс тіліндегі *территория*, ағылшын тіліндегі *territory* сөздеріне қазақ тіліндегі *аумақ* сөзі сәйкес келеді. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу аумағы* тіркесі 3 рет кездеседі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісу алқабы. Алқап атауы «өңір», «аймақ» деген мәнде жұмсалады. *Жетісу алқабы* тіркесі *Жетісу жері* деген қолданыспен синонимдес болып келеді. Екі тілді салалық терминологиялық сөздіктерде орыс тіліндегі *дол, долина* сөзі қазақ мәтіндерінде *алқап* деп беріледі.

Жетісу атырабы. Атырап атауы *тарап* сөзінің көпше түрі, жан-жақ, айнала, маңай деген мағыналарды береді. Сонымен қатар, *өңір, өлке, аймақ* сөздерінің синонимі ретінде қолданылады. Бекітілген заңды шекарасы жоқ, өте ірі

географиялық объектілердің не үлкен қалалардың төңірегіндегі, маңайындағы және соларға қарасты жерді де *атырап* деп атайды. *Жетісу атырабы* қолданысы аумақтың Жетісу жеріне тиесілі екенін білдіреді. География саласының мәтіндерінде *страна, область* сөздерінің баламасы ретінде қолданылады. Мысалы, *таулы атырап – горная страна*. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу атырабы* тіркесі 2 рет ұшырасады (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісудың ауданы. Аудан атауы әуелде «белгілі бір жер», «орын», «аумақ» деген мағыналарды білдіреді. Ал кейіннен белгілі бір бірлікке қарайтын жердің, елдің әкімшілік-территориялық жағынан бөлінген бөлігін де атап, кратонимдерді де сипаттайтын болған. Яғни *аудан* Қазақстанның облыстары мен ірі қалаларындағы әкімшілік-аумақтық бөлік атауы. Сондай-ақ, бұл термин өзара байланысы бар, қандай да бір белгілері немесе құбылыстары бойынша бөлектенетін аумақ не су айдыны деген географиялық мәнде де қолданылады.

Жетісу алабы. Алап – кең көлемді төпе жер, кең алқапты аумақ. *Алап* атауы сонымен қатар «өңір», «өлке», «аймақ» сөздерімен мағыналас. Жетісу алабы термині өңірдің алып жатқан жер аумағына байланысты айтылады. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу алабы* тіркесі 3 рет кездеседі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісу өңірі. Өңір атауы «аймақ», «төңірек», «алқап» мағыналарын білдіреді. Бұл сөз түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі мен саха тілінде ғана «өлке», «төңірек» мағыналарында қолданылады: *өңір* каз. перен. окрестность; *еңер* як. – *сторона, край* (Севортян, 1974: 538-539). Моңғол тілінде *өңір* сөзінің (моңғ. энгэр) тау күңгейі, тау қойнауы деген мағынасы да бар (Базылхан, 1984: 773). Сондай-ақ, география, экономика салаларына арналған екітілді сөздіктерде *өңір* – *полоса, регион* сөздерінің баламасы ретінде қолданылған. Мысалы, *өңірлер экономикасы – экономика регионов, бүкіләлемдік өңірлік құрылым – всемирная региональная структура, өңірлік қолбасшылық – региональное командование* және т.б. Осы келтірілген деректерге қарағанда *өңір* сөзінің географиялық мағынада қолданылатыны аңғарылады. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу өңірі* тіркесі 34 рет ұшырайды (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Территория Жетісу. Территория термині белгілі шекара арқылы бөлінген жер, аймақты білдіреді. Орыс тілінде: «территория – любое


земельное пространство, имеющее какие-л. естественные или условные границы. 2) пространство земли, внутренних и прибрежных вод государства, включая воздушное пространство над ними, с определенными. 3) в некоторых федеративных государствах – административный округ, не имеющий прав штата. 4) Особая административная единица в некоторых колониальных системах управления» деп берілген (БСИС, 2008: 554).

The Zhetisu territory. Ағылшын тілінде *territory* сөзі «1) any tract of land; region or district. 2) the land and waters belonging to or under the jurisdiction of a state, sovereign» деген мағыналары көрсетілген (Dictionary.com).

The Zhetisu area. Сөздікте: «*area* a geographical region; tract» деп берілген (Dictionary.com).

Сонымен, жоғарыда талданған *жер, жазық, алқап, алап, дала, аумақ, атырап, аудан, өңір* терминдері мен орыс тіліндегі *территория, ағылшын тіліндегі territory, area* Жетісу хоронимінің табиғи-географиялық қырымен байланысты қолданылатыны аңғарылады.

Зерттеудің барысында Жетісу атауының географиялық өзгешеліктеріне байланысты терминдер мен тарихи-кратонимдік өзіндік ерекшеліктеріне байланысты терминдерді, яғни екі саладағы терминологияны хоронимдік біртұтас жүйе ретінде өзара байланыста қарастыруға тура келеді. Яғни Жетісу хоронимінің табиғи-географиялық және саяси-әкімшілік ерекшеліктеріне сәйкес бөлінуі мен терминдері сәйкесінше топтастырылып төмендегі сызбада берілді (Сызба 1).



1-сызба – Жетісу хоронимінің табиғи-географиялық және саяси әкімшілік ерекшеліктері

Жетісу кратонимінің тарихи және әкімшілік ерекшеліктері. Жетісу жерінің географиялық аумақтан әкімшілік аймаққа айналуының бірінші себебі, жоғарыда айтылған табиғи-ландшафттық ерекшеліктерімен байланысты болса, екінші себебі, сауда жолының торабында орналасқан геосаяси қырымен тікелей қатысты. Осы себептен де ерте темір дәуірінен әртүрлі халықтар мен этностар Жетісуға иелік етуге тырысқан. Осындай алғышарттар негізінде Жетісу кратонимге, яғни

саяси-әкімшілік аймаққа айналып, өңірге ежелгі этностар келіп тұрақтана бастады және барлық тарихи кезеңде Жетісу қоныстанған халықтардың орталығы болды. Бұл аймақты ежелде және орта ғасырда мекен еткен тұрғындардың игілігі осы сумен тікелей байланысты болған. Тұрмыс жағдайына байланысты малшылық кәсіппен айналысқан халық өзенді өлкеге мекен етуге тырысқан. Жетісудың ежелгі тарихы жайлы ақпараттар тек археологиялық деректерде кездеседі.

Алайда археологиялық ақпараттардың да көлемі өте аз екені де аталады. Қола дәуірінде Жетісуда өмір сүрген адамдардың тарихы, мәдениеті, экономикасы, географиясы жайлы толыққанды мәлімет кездестіру өте қиын.

Сақтар. Жетісуда алғашқы феодалдық қатынастардың орнауы және алғашқы тайпалық одақтар сақ тайпаларының тарихымен тікелей байланысты (История Казахской ССР, 1977). А.Н. Бернштам Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қорғандарға жүргізілген археологиялық зерттеулерінің нәтижесінде Жетісу жерін сақ және үйсін тайпаларының жоғары билік өкілдері мекендеген деген қорытындығы келеді (Бернштам, 1962: 22). Бұдан Жетісу жері сақ-үйсін тайпалық одақтарының кезінен орталық аумақ болғанын байқауға болады. Сақ тайпалары өмір сүрген б.з.д. 8-3 ғасырларда табиғи-географиялық Жетісу хоронимінің кратонимге, яғни әкімшілік-саяси Жетісуға айналу процесі басталады. Б.з.б. 4-3 ғасырларда сақтар өздерінің тұңғыш мемлекеттік бірлестігін құрып, орталығы етіп қазіргі Қазақстанның оңтүстік шығыс аумағындағы Жетісу өлкесін белгіледі (Жетісу, 2004: 34-35).

Үйсіндер. Сақ тайпаларынан кейін б.з.б. 3 ғ. – б.з. 5 ғасырында Жетісуда үйсіндер мекен етеді. Осы тұстан бастап Жетісу өлкесі әкімшілік, экономикалық, этникалық жақтан тұрақтанып, беки түседі. Қытай деректерін негізге ала отырып, ак. В.В. Бартольд үйсіндер Жетісудың жазық жерлерін мекен еткендігі, жерінің ашық және отты болғанынан мәлімет береді (Бартольд, 1963: 29). Үйсін елінің территориясын «Қазақтың көне тарихы» еңбегінде Уақ Миңжие мен Уақ Биңхуаның «Үйсін жайындағы зерттеулеріне» сүйене отырып батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс сілеміне, солтүстікте Балқаш көлінен бастап, оңтүстікте Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына дейінгі аумақты қамтыған (Қазақтың көне тарихы, 1993: 67). Бұл аталған шегара Жетісу өлкесінің аумағына сәйкес келеді.

Батыс Түрік қағанаты. Түрік қағанатының құрылуы, өркендеуі және бөліну тарихы жайлы Л.Н. Гумилевтің «Көне түріктер» еңбегінде жан-жақты талданған. Б.з. V ғасырында үйсіндерді ығыстырған түріктер, Жетісуға келіп қоныстанады. VI ғасырдың ортасында екіге бөлінген Түрік қағанатының Батыс бөлігінің негізгі орталығы Жетісу жері мен Жонғар ойпаты болды (Гумилев, 2023: 40). Шу өзені Батыс түрік қағанатын екі бөлікке бөлгені белгілі.

Батыс бөлігін дулулар, яғни дулаттар, шығыс бөлігін нушебилер мекен етті. Дулу қазіргі үйсіннің көп те күшті руы дулаттың ата-бабасы екеніне еш күмән жоқ, өйткені қазақтардың түсінігінше дулат үйсіндердің негізгі руларының бірі, екіншіден дәл сол жерлерде екі ғана ғасыр бұрын үйсіндер тұрған (Тынышпаев, 1993: 60). Жетісуға Түрік қағанатының құрылуымен Жетісуда сауда қарқынды дамып, Орта Азиядағы өркениет орталықтарының біріне айналады. Жетісу хоронимі ежелгі түріктердің қоныстануымен саяси-әскери, мәдени-экономикалық жақтан жетіліп, кратонимдік (әкімшілік) сипатын бекіте түсті.

Қарлұқтар мен яғмалар. VIII ғасырдың орта шенінен Жетісудағы өкімет билігін қарлұқтар басып алады. Ежелгі үйсіндердің атамекенін негізгі орталық еткен қарлұқ қағандығы 170 жылдан астам уақыт (766-940) өмір сүрді. Ак. В.В. Бартольд Туманскийдің қолжазбасын негізге ала отырып Жетісудың оңтүстік бөлігін тоғыз оғыз тайпалық одағына кіретін яғмалар мекендеді. Яғма тайпасының иелігіне Қашқар да кірді. Қарлұқтар мен яғмалардың шегарасы Нарын саналғанынан дерек келтіреді (Бартольд, 1963: 38). Бұл тұста Жетісу аймағы қарлұқ, яғма тайпаларының орталығы ғана емес, Орта Азиядағы сауда жолының да түйіскен жері болып, кратонимдік сипатын күшейте түсті. Бұл кезеңде Жетісудағы Қойлық секілді қалаларда ғылым-білімге мән берілгені ауызша деректерде айтылады.

Қарахандықтар. X-XII ғасырларда Жетісу өңірі мен Шыңжаң өлкесі (шығыс бөлігі), Мауараннахр (батыс бөлігі) Қарахан мемлекетіне қарады. Қарахан кезеңінде оңтүстік шығыс және оңтүстік Қазақстан өңірлерін мекендеген халықтың негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Ибн ал-Асирдың дерегінше, Жетісудағы түркілердің жазғы жайлауы Бұлғар өлкесінде (Еділ бойында) болса, ал қыста Баласағұн өңірін мекендеген. Бұл көштің алып аумақты алып жатқаны осы аталған географиялық мекендерден анық көрінеді (История Казахской ССР, 1979: 22). Қарахан мемлекетіндегі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан аймақтарды басқару жүйесі отырықшы, қалалы орындардан өзгешелеу болды. Бұл аймақтардағы халықтар ру-тайпа билеушілері арқылы басқарылды, олар көбінесе билер мен ақсақалдар арқылы сұлтандар мен хандарға бағынышты болып отырды. Қарахан мемлекеті тұсында Жетісудағы басқару жүйесі,

сауда жолы, ғылым саласы т.б. кратонимдік сипаттар ілгеріледі.

Қарақытайлар. Қарахандықтардан кейін Жетісуда қарақытайлар XII-XIII ғ. Батыс Ляо мемлекетін құрады. Жетісудың оңтүстігі қарақытай билеушісі *гөрханның* қарауында болды. Бартольд неміс ғалымы Шмидтің еңбегіне сілтеме жасай отырып, аймақтың жарты бөлігі, яғни Іледен солтүстікке қарай, қарлұқ хандарына қарасты екенін жазады (Бартольд, 1963: 51). Батыс Ляо патшалығының территориясы: қазіргі Шыңжаң ауданы мен Жетісу өңірін және Мауараннахрды алып жатты (Қазақтың көне тарихы, 1993: 152-б.).

Моңғол империясы тұсындағы Жетісу (XIII ғ.). Моңғол әскеріне Жетісу мен Шығыс Түркістан халқының қарсылығы қатты болмағандықтан, қан аз төгілгені тарихи деректерден белгілі. Бұл себеп кейіннен Жетісудың гүлденуіне оң ықпал еткені айтылады. Шыңғысхан әскері Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алғаннан кейін, Жетісудың солтүстігі Жошы ұлысына қараса, қалған бөлігі, Іле, Шу бойы мен Ыстықкөл жағалауы Шағатай ұлысына кірді. 1253 жылы В.Рубрук биік таулардан бастау алып, Балқаш көліне құятын өзендердің өлкесі, Жетісуға келеді. Саяхатшының жазбаларында Жетісудағы өзендер керемет жазық жерде еді деп суреттеледі (Бартольд, 1963: 66).

Моғолстан (XIV ғ.). Екіге бөлінген Шағатай ұлысының шығыс бөлігі саналатын Моғолстан хандығының негізгі жерін – Іле өңірі, Жетісу және қазіргі Қырғызстан өлкесін қамтыды. Моғолстан мемлекетінің ордасы – Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды. Қытайдағы қазақ ғалымдары Махмұд ибн Уәлиге сүйене отырып, Моғолстан хандығының құрылған кезеңінде Балқаш Көкше теңіз деп аталып, Моғолстан мен Шығыс Дешті қыпшақ арасындағы шеғара саналды, нақтырақ айтқанда, Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысын айырып тұрғаны айтылады (Қазақтың көне тарихы, 1993: 220). Ежелден Жетісу өңірі мен Іле алқабын мекендеген үйсін, дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады, Шағатай хандығы ыдыраған соң одан бөлінген Моғолстан құрамына кірді.

Қазақ хандығы. XVI ғасырдың екінші жартысында Моғолстан ханы Есенбұға қазақтарға Жетісудың батысындағы Шу өзені мен Талас бойынан қоныс бергені белгілі. Керей хан мен Жәнібек хан осы батыс Жетісуды орталық ете отырып, қазақ хандығын құрады. XV ғасырдың басында Жетісудың солтүстігін қазақтар мекен

етсе, ал оңтүстігін қырғыздар қоныстанған. Қазақ ханы Қасымның қыстауы Қараталдың бойында болды (Дулати, 2015: 257). XVI ғасырдың II жартысында Моғолстан хандығы толықтай ыдырағаннан кейін, ежелден Жетісу мен Іле өңірін мекендеген жалайыр, үйсін, дулат, қаңлы тағы басқа қазақ тайпалары Жетісуда құрылған қазақ хандығының негізгі бөлігімен бірікті. Қазақ және қырғыз халықтарының ханы саналған Хақназар хан өзі билік еткен тұста Жетісудағы билікті моғол хандарынан толықтай қайтарып алады.

Жоңғарлар. XVI ғасырдың II жартысында Моғолстан толықтай ыдырағаннан кейін, Жетісу жері жайлы мәліметтерді кезіктіру өте қиын. XVII ғасырда қалмақтар Жетісу жерінен қазақтарды ығыстырған соң, қазақтар өздерінің орталығы етіп, Түркістан мен Ташкентке бекіді. Ойраттардың Жетісу жеріндегі үстемдігі Қалдан-Бошоқтудың билікке келуімен байланысты. XVII ғасырдың 80 жылдарынан бастап Жетісудағы билік толықтай қалмақтардың қолында болады. В.В. Бартольд Н. Бичуринге сүйене отырып Қалдан-Бошоқту Іле жазығын мекен еткен ең алғашқы Жоңғар қонтайшысы саналатынын айтады (Бартольд, 1943: 85). Жоңғар мемлекеті құлаған соң, қазақтар мен қырғыздар Жетісудағы байырғы қонысына оралғаны мәлім. Десе де, олар біраз уақыт сөз жүзінде қытайдың боданы есептелді. Осыдан орыс үкіметі келгенше Жетісу жеріндегі қазақтар мен қырғыздар тәуелсіз болып қала берді (Бартольд, 1943, 88).

Жетісу жерінің Ресейге қосылуы. XIX ғасырдың 20 жылдарында Ресей үкіметі қазақ арасындағы хандық билікті жойып, ел басқарудың жалпы Ресейлік тәртібіне жақындатуға тырысты. 1867 жылы Түркістан генерал губернаторлығына қарасты Жетісу облысы құрылады. Жетісу облысының нақты әкімшілік-аумақтық шегарасы белгіленді. Бұл Жетісу облысының шегарасы солтүстікте Семей облысымен, оңтүстік пен шығысында Қытай жерімен, батысында Ферғана, Сырдария және Ақмола облыстарымен шектесті. А.Е. Рогожинскийдің айтуынша, осы тұстан бастап Жетісудың географиялық мазмұны (аумағы) Жетісу облысына дейін кеңейеді (Рогожинский, 2021: 168).

Кеңес Одағы кезіндегі Жетісу. 1924 жылы Жетісу облысы таратылып, оның оңтүстігіндегі Пішпек, Қарақол, Нарын уездері – Қара қырғыз автономиялы облысының қарамағаны беріледі. Солтүстігіндегі Алматы, Жаркент, Лепсі, Талдықорған уездері Қазақ АКСР-інің құрамына еніп,

солардың негізінде Жетісу губерниясы құрылады (Жетісу, 2004: 14). Қазан төңкерісінен кейін Жетісу облысының территориясы өзгерді. 1918 жылы 30 сәуірде облыс Түркістан АКСР құрамына енді. 1924 жылы 27 қазанда ұлттық-аумақтық межелеудің нәтижесінде облыстың солтүстік бөлігі – Қырғыз АКСР Жетісу губерниясы, ал оңтүстік бөлігі – РКФСР-ге тікелей бағынышты Қарақырғыз АО болды.

Тәуелсіз Қазақстандағы Жетісу облысы. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары табиғи-географиялық, саяси-әкімшілік ерекшеліктеріне, яғни, әрі хоронимдік, әрі кратонимдік сипаттарымен байланысты Іле өзені мен Балқаш көлінің аралығы *Жетісу облысы* болып құрылды. Бұл саяси-әкімшілік өзгеріс Қазақстан Президентінің 2022 жылғы 4 мамырдағы Жарлығына сәйкес бекіп, облыстың қайта жаңғыруына аймақтың кратонимдік, хоронимдік факторлар негізге алынды.

Жетісу кратонимінің жоғарыда аталған тарихи-этникалық, саяси-әкімшілік ерекшеліктерін зерттегенде *аймақ*, *өлке*, *уәлаят*, *облыс*, *округ*, *ұлыс*, *орда*, *жүз* сөздері терминдік нақтылықты қалыптастырады. Осы терминдердің ішінде *аймақ*, *ұлыс*, *орда*, *жүз* атаулары өңірдің тарихи-этникалық жағымен байланысты қолданылады. Сондай-ақ, орыс тіліндегі *регион*, *край* атаулары мен ағылшын тіліндегі *region* атауы да саяси-әкімшілік мәнде жұмсалады.

Жетісу аймағы. *Аймақ* – этникалық, әкімшілік және географиялық сипатта қолданылатын түркі-моңғол, тұңғыс-манжұр тілдеріне ортақ көпмағыналы сөз. *Аймақ* сөзі мен *ел* сөзі синонимдес, әрі екі сөз де *тайпа* деген мағынаны білдіреді (Бартольд: 1968: 489). Бұл сөз *тайпа* мағынасынан бөлек «халық», «мемлекет», «аумақ» деген мағыналарда да қолданылады. Кир., уз., уйг., лоб., алт., тув., як. – *народ*, тат. диал. ДС I, II, уз., лоб., тув., як., Рав. С. – *племя*, кир., ккал., *край* – кир., каз., ккал. – *страна*, *территория* (Севортян, 1974: 110). *Аймақ* сөзінің *ауыл* сөзімен тіркесіп *ауыл-аймақ* түрінде қолданылуы да бұл сөздің «ел», «халық» мағыналарымен сәйкестігін айғақтайды. Сондай-ақ Қазақ тілінің Ұлттық корпусының Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу аймағы* тіркесі 24 рет ұшырасады (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Алғашында этникалық мәнде қолданылған *аймақ* сөзі кейіннен семантикалық өрісі кеңейіп, *өлке*, *облыс*, *маңай*, *төңірек*, *айнала* мағыналарын білдіріп, әкімшілік, географиялық сипатта да қолданыла бастаған. Қытайдағы қазақтардың

тілінде ауданнан бір дәреже жоғары, облыстан бір дәреже төмен әкімшілік орын *аймақ* деп аталады (ҚТТС, 1992). Орыс тілді дереккөздерде де *аймақ* сөзіне осыған ұқсас анықтама берілген. Қалмақия, Бурятия және Таулы Алтайдағы әкімшілікті білдіреді. Сондай-ақ, МХР негізгі әкімшілік-аумақтық бірлік деп көрсетілген (БСИС, 2008: 22).

Моңғол тілінде *аймақ* сөзі 1) тайпа; 2) әкімшілік бөлініс және 3) түр, тарау мағыналарын білдіреді (Базылхан, 1984: 27). Сонымен бірге *аймақ* сөзі орыс тіліндегі *зона* сөзінің баламасы ретінде де қолданылады. Мысалы, *табиғи аймақтар* – *природные зоны*, *экологиялық аймақ* – *зона экологическая*, *тірек-тактикалық аймақ* – *опорно-тактическая зона*, *бақыланатын аймақ* – *контролируемая зона*, *өнеркәсіптік аймақтар* – *промышленные зоны* және т.б. (Termincom.kz).

География ғылымында *аймақ* термині елдің бірнеше облысына немесе экономикалық, географиялық және басқа ерекшеліктері бойынша біріккен бірнеше елге сай келетін үлкен ауданын айтады. Мысалы, Батыс Еуропа, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан (Құрманов, 1993: 130).

Жетісу өлкесі. *Өлке* сөзі «аймақ», «өңір», «атырап», «дала» мағыналарын береді. Сонымен бірге бұл сөз әкімшілік бірлік атауы ретінде қолданылады. Құрамына ұлт аудандары мен облыстары және округтері кіретін үлкен әкімшілік-аумақтық бірлік (ҚӘТС, 2011: 135). Түркі тілдерінде *өлке* сөзінің төмендегідей мағыналары кездеседі. Турк., тур., аз., ктат., кум., кир., каз., ккал., (уст., – административная единица), уз., уйг., Р I₁₂₅₃, Будагов, Korkut, Абушка, Vamberg CSpr – *край*; тур., аз., ктат., кум., кир., Р. I₁₂₅₃, Будагов, Korkut, Абушка, Рав. С., Vamberg CSpr., – *страна*; Р I₁₂₅₃, Будагов – *империя*, *царство*; кум., тат., баш., уз., уйг., ДТС, Рав. С. – *область*, каз. – *территория*; Р. I₁₂₅₃, Будагов; лен, феод. – Рав. С. – *владение* (Севортян, 1974: 629). Жоғарыда келтірілген Э.В. Севортянның этимологиялық сөздігінде *өлке* сөзінің «хандық», «облыс», «аумақ», «иелік» т.б. мағыналары көрсетілген. *Өлке* деген тұтас бір мемлекетті атайтын кездері де бар. Мысалы, түрік тілінде *ülke* (өлке) деп тұтас бір республиканы да атайды (Байниязов, 2007: 736). Сондай-ақ *өлке* сөзі орыс тіліндегі *край* сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Мысалы, *өлкетану атластары* – *атласы краеведческие, автономиялық өлке – автономный край*, *Түркістан өлкесі* – *Туркестанский край* (Termincom.kz). *Өлке* терминінің «аймақ»,

«атырап», «иелік», «хандық» мағыналары да Жетісу жерінің әкімшілік, тарихи негіздерімен сәйкес келеді. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу өлкесі* тіркесі 75 рет кездеседі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісу және ұлыс сөзі. Ұлыс сөзі «халық», «ел». «ру-тайпалар бірлестігі» мәнінде жұмсалады. Турк., тур. диал., кар., уз. (уст.) уйғ. диал., сюг., алт., хак., тув., Р I1696, 1697, Будагов, Малов, Orkun IV, USp., Pelliot, Qutb, Наджип Мухабб., Абушка, Pav. C., Vambery CSpr. – *народ*; турк., уз. (уст.), Малов, Gabain, Analyt. In., T VI, T VIII, T IX – *страна*; турк., тур., Orkun IV, Pav. C. – *племя*; Будагов – *орда*; каз., ккал. – *национальность*, тур., кар., кир. (улут), каз. (үлт), ккал. (улт) Orkun IV, Vambery CSpr. – *нация*. Аталған Э.В.Севортянның сөздігінде түркі тілдерінде ұлыс сөзінің «халық», «мемлекет», «тайпа, тайпалар одағы», «үлт» және т.б. мағыналары көрсетілген (Севортян, 1974: 592). Моңғол тілінде де ұлыс сөзі (моңғ. улс) «мемлекет», «ел», «адамдар, жамағат», «әулет» деген мағыналарда жұмсалады (Базылхан, 1984: 508). Ал қазақ тілінде бұл сөз көнерген сөздер қатарына жатады. Ұлыс сөзінің «рулық бірлестік», «әулет» мағынасымен қатар, «мекен», «аймақ», «әкімшілік мағынасын» беретін тарихи көне мағынасы да бар. Сонымен қатар «бүкіл ел», «барлық халық» деген ауыспалы мағынада да жұмсалады (ҚӘТС, 2011: 722). Ұлыс сөзі *аймақ* сөзіне мағынасы жағынан жақын болып, *ел* сөзімен синоним болып келеді (ҚҰЭ, 2001: 58). Сондай-ақ *ұлыс* сөзі әкімшілік мәнде де жұмсалғандығы жоғарыда айтылды.

Жетісу және орда сөзі. Орда – орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарайы мағынасында қолданылған тарихи сөз. Тур., аз., ктат., Gabain – *шатер султана*; кир., каз., ккал., Р I₁₀₇₂ (др.-уйғ., чаг.), Будагов I, ДТС (то же + «резиденция хана»). Orkun IV, Kasg. D. (то же + «резиденция хана») – ист. *ханская ставка*; каз. – *центр*. Орда сөзінің Э.В.Севортян «ру-тайпаның жиналатын жері», «әскер», «хан шатыры», «хан сарайы» және басқа да мағыналарын көрсетеді (Севортян, 1974: 470-472). Қазақ тілінде бұл сөздің алғашқы әрі тарихи мағынасы орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарайы дегенді білдіреді. Сонымен қатар, көп қанатты салтанатты киіз үйдің үлгісін де *орда* деп атайды. Орта ғасырларда *орда* термині, негізінен, көшпелі тайпалардың мемлекеттері мен одақтарының атауы ретінде қолданылған. Мәселен, Алтын Орда,

Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Көк Орда, т.б. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс ғалымдары мен шенеуніктері қазақ қоғамындағы жүздерді *орда* деп атағаны да белгілі (ҚҰЭ, 2001: 173).

Жетісудағы жүздер. Жүз – Қазақ хандығын құраған ру-тайпалар мен ұлыстарды басқаруға негізделген аймақтық-әкімшілік құрылым. Қазақ хандығының үш жүзден тұратын бірлестігінің қалыптасуына ру-тайпалардың географиялық орналасуы мен тектік жақындығы да ықпал еткен. Бұл құрылым Ұлы даланы басқарудың және сыртқы жаудан қорғанудың оңтайлы жүйесі болды. Сондай-ақ, *жүз* атауы әкімшілік-саяси басқару орталығы деген мағынаны білдіретін *орда* сөзімен синонимдес болып саналады. Жетісу жерін қазақ жүздерінің ішінде орта жүз бен ұлы жүз ру-тайпалары қоныстанған.

Жетісу және уәлаят сөзі. Уәлаят – шығыс елдеріндегі қазіргі облыс аумағына сәйкес келетін әкімшілік-бірлікті білдіретін тарихи сөз. Бұл сөздің әкімшілік басқарма, басқару мағыналарымен қатар, «өлке», «аймақ», «облыс» деген мағыналары да кездеседі. Ертеден тарихи жағынан қалыптасып, өз алдына жеке өмір сүрген әкімшілік-аумақтық аймақты анықтау мақсатымен айтылады. Мысалы, Түркістан уәлаяты, Дала уәлаяты, т.б. (ҚҰЭ, 2001: 645).

Жетісу облысы. Облыс – Республика құрамындағы ең ірі әкімшілік-территориялық бөлік, аймақты атауы. Екіншіден, бұл сөз табиғи жағдайлары, тарихи қалыптасқан дәстүрі, этникалық немесе экономикалық ерекшеліктері, әкімшілік-саяси мәні т.б. белгілері бойынша бөлінетін қандай да бір аумақтық бөлік деген мағынаны да білдіреді. Яғни *облыс* сөзі әкімшілік бірлік атауы ретінде қолданылумен қатар, географиялық мәнде де жұмсалады. Ономастикалық ішкорпус базасында *Жетісу облысы* тіркесі 9 рет кездеседі (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Жетісу және округ термині. Округ – аумақтық-әкімшілік бөліністі білдіретін термин. Ресей өкіметінің 1822 жылы маусымдағы «Сібір халықтары туралы Жарғысы» бойынша Орта жүзде енгізілген әкімшілік-аумақтық бөлінісі *округ* деп аталған. Сондай-ақ, бұл термин қазіргі Қазақстан Республикасының әкімшілік бөлінісінде ең кіші әкімшілік бірлік атауын білдіретін, *ауылдық округ* терминінің құрамында кездеседі. 2024 жылғы 1 шілдедегі дерек бойынша Қазақстанда 2165 ауылдық округ бар (Wikipedia).

Жетісу және уезд термині. Уезд термині болыстардан құралған, 1929 жылға дейін Ресей империясы мен КСРО-да қолданылған әкімшілік-

аумақтық бірлік. XIX ғасырда құрылған *Жетісу облысы* Верный, Жаркент, Қапал Лепсі, Пішпек, Пржевал уездерінен құралған.

Жетысуский регион. Регион термині орыс тілінде (лат. regio, regionis «область») – 1. Область, район, территория, часть страны, отличающиеся совокупностью естественных или исторически сложившихся экономико-географических условий и национального состава населения. 2. Группа близлежащих стран, представляющая собой отдельный экономико-географический район, обладающая общими признаками, отличающими этот район от других районов (БСИС, 2008: 479) *Регион* – большая область, группа соседствующих стран или территории, районы, объединённые по каким-нибудь общим признакам: экономический р., географический р. (slovarozhegova.ru) білдіреді.

Жетысуский край. Орыс тіліндегі *край* сөзі географиялық та, әкімшілік те мәнде қолданылады: «внешняя часть объекта, наиболее удалённая от его центра (край леса), страна, область, местность (родимый край, далёкие край, тёплый край), административно-территориальная единица (Красноярский край, Хабаровский край) (Wiktionary).

The Zhetyysu region. Ағылшын тілінде *region*: «1) an administrative division of a city or territory; 2) Zoogeography. A major faunal area of the earth's surface, sometimes one regarded as a division of a larger area; 3) *Region* one of the areas that a country is divided into, that has its own customs and/or its own government» (Oxford Learner's Dictionaries) деп берілген.

Қорытынды

Мақалада Жетісу өңірінің табиғи-географиялық ерекшеліктері және тарихы хронологиялық кезеңдерге сәйкес талданып берілді. Өлкенің табиғи-географиялық хороним болуы ең бастапқы, әуелгі сипаты екені айқындалды. Өңірдің, біріншіден, саяси-әкімшілік; екіншіден, тарихи-этникалық; үшіншіден, мәдени-экономикалық жақтан түрленіп, қалыптасуының алғышарты географиялық фактормен байланысты болды. Аймаққа әртүрлі әлеуметтік-этникалық бірлестіктердің қоныстанып, тұрақтануымен байланысты географиялық аумақ саяси-әкімшілік сипат алып кратонимге айналды. Байырғы Жетісу жеріне сак, үйсін тайпалық одақтарының қоныстануымен байланысты әкімшілік-саяси бірлік болып, бұл тұста табиғи-географиялық

аймақ саяси-әкімшілік жағынан бір орталыққа бағынған кратоним болып қалыптасып, тілі, діні, шаруашылығы, өзіндік тарихы мен мәдениеті жағынан бірегейлене түсті. Өйткені, географиялық жағынан өзен-сулы Жетісу жері малшылық кәсіпке де, егіншілік шаруашылыққа да қолайлы болған. Әсіресе, аймақта төрт түліктің оттайтын шөптерінің мол түрлерінің кездесуі малшылық кәсіптің ертеден орнығуына ықпал етсе, өзен, бұлақ, жылға т.б. су көздерінің көптігі суармалы егіншіліктің өркендеуіне оң ықпал еткен. Сонымен қатар, су – барлық тіршіліктің көзі болғандықтан, өзен-судың бойында байырғы этностар көптеп қоныстанған. Сондай-ақ, батыста Мәуереннахырмен шегаралас орналасуы, шығыста Шығыс Түркістанмен шектес болуы өлкенің геосаяси құндылығын арттырып, көптеген тарихи оқиғалар мен тартыстардың ошағы болуына себеп болған. Яғни Жетісудың Ұлы Жібек жолының аса маңызды бір тармағында орналасқандығы өлкенің геосаяси мәнділігін арттыра түскен. Сондай-ақ, Түрік қағанаты тұсында Жетісу өлкесі сауда-саттығы өркендеген, мәдениеті жетілген Орта Азиядағы өркениеттің ошағы болған.

Сондай-ақ, мақалада 23 хоронимдік ұғымның, атап айтқанда, *аймақ, өлке, өңір, алқап, алап, аумақ, атырап, аудан, жер, жазық, дала, ұлыс, орда, жүз, уәлаят, облыс, округ* атаулары мен ағылшын, орыс тілдеріндегі *регион, территория, край, area, region, territory* терминдерінің мағынасы мен қолданыс ерекшеліктері ашылды. Бұл термин сөздер Жетісу жерінің табиғи-географиялық және кратонимдік (әкімшілік) ерекшеліктеріне сәйкес екіге бөлінді. *Жер, жазық, алқап, алап, дала, аумақ, атырап, аудан, өңір, территория, area, territory* терминдері Жетісу хоронимінің табиғи-географиялық қырымен байланысты екені, ал *аймақ, өлке, уәлаят, облыс, округ, ұлыс, орда, жүз, регион, край, region* сөздері Жетісу кратонимінің тарихи-этникалық, саяси-әкімшілік ерекшеліктерімен байланысты сараланды. *Аймақ, ұлыс, орда, жүз* сөздері өңірдің тарихи-этникалық жағымен қатысты екені айқындалды. Аталған терминдердің барлығы белгілі бір ғылым саласына немесе бірнеше ғылым саласына тиесілі әмбебап, көп мағыналы терминдер болып келеді. Мақалада осы терминдердің әуелгі мағыналары, кейінгі үстеме мағыналары Жетісу хоронимінің географиялық, тарихи дамуымен байланысты қарастырылды. Бұлай топтастырып, жіктеудің нәтижесі географиялық кеңістікті категориялауға (аудандасты-

руға) қатысты ғылыми және ғылыми-көпшілік дереккөздерде терминдік нақтылықты қалыптастыруға септігін тигізеді.

Зерттеуді BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілі-

нің ұлттық корпусын (ҚТҮК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады.

Әдебиеттер

- UNGEGN Information Bulletin (2015). Vol. 49.
- Bartos-Elekes, Z. (2019). Mapping the core and periphery applied to a choronym (the case of Székely Land). Proceedings of the International Cartographic Association, Vol. 2, P. 8. <https://doi.org/10.5194/ica-proc-2-8-2019>
- Койчубаев, Е. (1966). Основные типы топонимов Семиречья (канд. филол. наук дисс.). Алма-Ата.
- Жанұзақ, Т. (2005). Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. Алматы. Арыс.
- Жартыбаев, А.Е. (2009). Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясының өзекті мәселелері. Алматы. Кие.
- Есимболова, М.Қ. (2001). Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері (Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты). Алматы.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия (2001). (1–10 том). Нысанбаев, Ә. (Бас ред.). Алматы. «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы.
- Жетісу. Энциклопедия. (2004). Алматы. Арыс.
- Республика Казахстан (Т. 1: Природные условия и ресурсы). (2006). Алматы.
- Базарқұлов, Н. (1971, 9 сентябрь). Лениншіл жас, № 175 (7860).
- Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электронды ресурс]. URL: <https://qazcorpus.kz/> (Пайдаланылған күні: 10.10.2024)
- Севортян, Э.В. (1974). Этимологический словарь тюркских языков. Москва. Наука.
- Termincom.kz. (2024). [Электронды ресурс]. URL: <https://termincom.kz/> (Пайдаланылған күні: 31.01.2024)
- Базылхан, Б. (1984). Моңғолша-қазақша сөздік. Улаанбаатар-Өлгий. Моңғол Халық Республикасы Ғылым академиясы, Тіл және әдебиет институты.
- Dictionary.com. (2024). [Электронды ресурс]. URL: <https://www.dictionary.com/> (Пайдаланылған күні: 28.01.2024)
- Большой словарь иностранных слов (2008). (7-е изд., испр. и доп.). Москвин, А.Ю. (Сост.). Москва. ЗАО «Центрполиграф».
- История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней) (Т. I). (1977). Алма-Ата. Наука КазССР.
- Бернштам, А.Н. (1962). Историко-археологические очерки Тянь-Шаня и Памиро-Алая (МИА, № 26). Москва: Баспасы көрсетілмеген.
- Бартольд, В.В. (1963). Сочинения: Очерк истории Семиречья (Т. II, ч. 1). Москва. Изд. восточной литературы.
- Қазақтың көне тарихы (1994). Қани, М. (Дайынд.). Алматы. Жалын.
- Гумилев, Л.Н. (2023). Древние тюрки. Москва. Айрис-пресс.
- Тынышпаев, М. (1993). История казахского народа. Алматы. Қазақ университеті.
- История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней) (Т. II). (1979). Алма-Ата. Наука КазССР.
- Дулати, М. (2015). Тарихи-Рашиди (Құраст. М. Қойгелді). Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ.
- Бартольд, В.В. (1943). Очерк истории Семиречья. Фрунзе. Киргизгосиздат.
- Рогожинский, А.Е. (2021). От «Жетысу» до «Семиречья»: Рождение и трансформация значений. Ученые записки музея-заповедника «Томская Писаница», 14.
- Бартольд, В.В. (1968). Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов (Т. V). Москва.
- Қазақ тілі түсіндірме сөздігі. (1992). Үрімжі. Шыңжаң халық баспасы.
- Құрманов, Қ. (1993). Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша анықтамалық-сөздігі. Алматы. Рауан.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі (12-том). (2011). Алматы..
- Байниязов, А.Ж., & Байниязова, Ж.Т. (2007). Түрікше-қазақша сөздік. Алматы.
- Wikipedia. (2024). Ауыл [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%83%D1%8B0> (Пайдаланылған күні: 10.10.2024)
- Slovarozhegova.ru. (2024). Словарь Ожегова [Электронды ресурс]. <https://slovarozhegova.ru/> (Пайдаланылған күні: 25.02.2024)
- Wiktionary. (2024). Край [Электронды ресурс]. URL: <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D0%BA%D1%80%D0%B0%D0%B9> (Пайдаланылған күні: 10.10.2024)
- Oxford Learner's Dictionaries. (2024). Oxford Learner's Dictionaries [Электронды ресурс]. URL: <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/> (Пайдаланылған күні: 02.02.2024)

References

- Bajnijazov, A.Zh., Bajnijazova, Zh.T. (2007). Turikshe-qazaqsha sozdik [Turkish-Kazakh dictionary]. Almaty. (in Turkish and Kazakh)
- Bartold, V.V. (1943). Ocherk Istorii Semirech'ja [An Essay On The History Of Semirechye]. Frunze. Kirgizgosizdat. (in Russian)
- Bartold, V.V. (1963). Sochinenija. Ocherk Istorii Semirechja [Works. An Essay On The History Of Semirechye]. Volume II, part 1. Moscow. (in Russian)
- Bartold, V.V. (1968). Raboty po istorii i filologii tjurkskih i mongol'skih narodov [Works on the history and philology of the Turkic and Mongolian peoples]. Moscow. (in Russian)
- Bartos-Elekes, Z. (2019). Mapping the core and periphery applied to a choronym (the case of Székely Land), Proc. Int. Cartogr. Assoc., 2, 8. <https://doi.org/10.5194/ica-proc-2-8-2019>.
- Bazarqulov, N. (1971). Leninshil zhas [Leninist youth]. 9 september, Vol. 175 (7860). (in Kazakh)
- Bazylhan, B. (1984). Mongolsha-qazaqsha sozdik [Mongolian-Kazakh dictionary]. Ulaanbaatar-Olgij. (in Mongolian and Kazakh)
- Bernshtam, A.N. (1962). Istoriko-arheologicheskie ocherki Tjan-Shanja i Pamiro-Alaja [Historical and archaeological sketches of the Tien Shan and Pamir-Alai]. Moscow. Vol. 26. (in Russian)
- BSIS – Bolshoj slovar inostrannyh slov. (2008) [Large dictionary of foreign words]. Moscow. ZAO Tsentrpoligraf. (in Russian)
- Dictionary.com [Electronics resource]. URL: <https://www.dictionary.com/> (Date of use: 28.01.2024).
- Dulati, M. Tarihi-Rashidi. (2015) [Historical-Rashidi]. Almaty. Kazinform. (in Kazakh)
- Esimbolova, M.Q. (2001). Zhetisu sojlenisining leksikalyq erekshelekteri [Lexical features of Semirechye speech]. Almaty. (in Kazakh)
- Gumilev, L.N. (2023). Drevnie tjurki. [Ancient Turks]. Moscow. Iris Press. (in Russian)
- Istorija Kazahskoj SSR (s drevnejshih vremen do nashih dnei). (1977). V pjati tomah. Tom I [The history of the Kazakh SSR (from ancient times to the present day). In five volumes. Volume I]. Alma-Ata. Science of the Kazakh SSR. (in Russian)
- Istorija Kazahskoj SSR (s drevnejshih vremen do nashih dnei). (1979). V pjati tomah. Tom II [The history of the Kazakh SSR (from ancient times to the present day). In five volumes. Volume II]. Alma-Ata. Science of the Kazakh SSR. (in Russian)
- kk.wikipedia.org [Electronic resource]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%83%D1%8B0> (Date of use: 10.10.2024).] (in Kazakh)
- Kojchubaev, E. (1966). Osnovnye tipy toponimov Semirechja [The main types of toponyms of Semirechye]. Alma-Ata. (in Russian)
- Oxfordlearnersdictionaries.com [Electronic resource]. URL: <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/> (Date of use: 02.02.2024). (in English)
- QATS – Qazaq adebi tilining sozdigi. (2011). On bes tomдық. 12 tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 12]. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaqtyng kone tarihy. (1994). [Ancient history of the Kazakhs]. Almaty. Zhaly. (in Kazakh)
- QTTS – Qazaq tili tusindirme sozdigi. (1992). [Dictionary of the Kazakh language]. Urumqi, Xinjiang people's publishing house. (in Kazakh)
- QUE – Qazaqstan. Ulttyq enciklopedija. (2001). [Kazakhstan. National Encyclopedia]. Almaty. (in Kazakh)
- Qurmanov, Q. (1993). Fizikalyq geografija terminderi men ugymdarynyng oryssa-qazaqsha anyqtamalyq-sozdig [Russian-Kazakh reference dictionary of terms and concepts of Physical Geography]. Almaty. Rauan. (in Kazakh)
- Respublika Kazakhstan. (2006). Tom 1: Prirodnye uslovija i resursy [The Republic of Kazakhstan. Vol. 1: Natural conditions and resources]. Almaty. (in Russian)
- Rogozhinskij, A.E. (2021). Ot “Zhetysu” do “Semirechja”: Rozhdenie i transformacija znachenij [From “Zhetysu” to “Semirechye”: The birth and transformation of meanings]. Tomsk. (in Russian)
- ru.wiktionary.org [Electronic resource]. URL: <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D0%BA%D1%80%D0%B0%D0%B9> (Date of use: 10.10.2024). (in Kazakh)
- Sevortjan, E.V. (1974). Etimologicheskij slovar tjurkskih jazykov [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moscow, Nauka. (in Russian)
- slovarozhegova.ru [Electronic resource]. URL: <https://slovarozhegova.ru/> (Date of use: 02/25/2024). (in Russian)
- Termincom.kz [Electronic resource]. URL: <https://termincom.kz/> (Date of use: 31.01.2024). (in Kazakh)
- Tynyshpaev, M. (1993). Istorija kazahskogo naroda [History of the Kazakh people]. Almaty. Kazakh University. (in Russian).
- UNGEGN Information Bulletin (2015). Vol. 49.
- Zhanuzaq, T. (2005). Qazaqstan geografijalyq ataulary. Almaty oblysy [Geographical names of Kazakhstan. Almaty region]. Almaty. Arys. (in Kazakh)
- Zhartybaev, A.E. (2009). Ortalyq Qazaqstan ajmaqtyq toponimiasynyng ozekti maseleleri [Actual problems of regional toponymy of central Kazakhstan]. Almaty. Kie. (in Kazakh)
- Zhetisu. Enciklopedija. (2004). [Zhetysu. Encyclopedia]. Almaty. Arys. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Уәли Нұргелді Мақажанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы, e-mail: nuralikhan2020@mail.ru);

Сейтбатқал Әрлен Берікұлы (корреспондент-автор) – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы, e-mail: arlen_98@mail.ru).

Information about the authors:

Nurgeldi Uali – Doctor of Philological Sciences, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuralikhan2020@mail.ru);

Arlen Seitbatkal (corresponding author) – PhD Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: arlen_98@mail.ru).

Сведения об авторах:

Уали Нургельды Макажанович – доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: nuralikhan2020@mail.ru).

Сейтбатқал Арлен Берикович (автор-корреспондент) – докторант PhD, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: arlen_98@mail.ru).

Келіп түсті: 15 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды: 15 желтоқсан 2025 жыл